

**Ретроактивтік несиелендіру негізінде инвестициялық жобаның жаңғыртылып отыратын шоты бойынша операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 11 шілдедегі N 344 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінде 2001 жылғы 13 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1626. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 16 тамыздағы N 304 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2006 жылғы 16 тамыздағы N 304 бұйрығымен.*

-----Бұйрықтан үзінді-----

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

- 1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Қазынашылық комитеті (Шәженова Д.М.) бір апта мерзімде қабылданған шешім туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрілігіне және "Заң" Медиа-корпорация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне хабарласын.*
- 3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.*

*Министр*  
*Қ а з а қ с т а н* *Р е с п у б л и к а с ы*  
*Қ а р ж ы* *м и н и с т р і н і ң*  
*2 0 0 6* *ж ы л ғ ы* *1 6* *т а м ы з д а ғ ы*  
*N 304 бұйрығына қосымша*  
*Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің*  
*күші жойылған кейбір бұйрықтарының*  
*тізбесі*

*5. "Ретроактивтік несиелендіру негізінде инвестициялық жобаның жаңғыртылып отыратын шоты бойынша операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2001 жылғы 11 шілдедегі N 344 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1626 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2001 ж., N 34, 500-құжат)...*

-----



қатысушысына Қаржы министрлігі беретін заем;

қатысушы қаржы мекемесі (бұдан әрі - ҚҚМ) - Заем туралы келісімнің шарттарына сәйкес инвестициялық жобаға қатысуға таңдалып алынған және заемшы ретінде әрекет ететін қаржылық мекеме;

ішкі несиелендірілу келісімі (бұдан әрі - ІНК) - құқықтық қатынастарды тіркейтін құжат осыған байланысты ҚҚМ қосалқы заем алады және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің алдында оның қайтарылуы және негізгі борышқа қызмет көрсету бойынша жауапты болады;

ретроактивтік несиелендіру - бұрын берілген қосалқы заемдар бойынша негізгі борышты өтеу есебінен ҚҚМ-дан түскен қаражат есебінен ҚҚМ-ны несиелендіру.

Осы анықтамалар тек осы ережеде ғана қолданылады.

4. Жаңғыртылып отыратын шотты ашуды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде жүргізеді.

Жаңғыртылып отыратын шотты ашу мақсаттары үшін Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (бұдан әрі - Қазынашылық комитеті) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес берген рұқсат нысаны пайдаланылады.

5. Жаңғыртылып отыратын шот Заем туралы келісімде және ІНК-де келісілген шетел валютасында жүргізіледі.

6. Жаңғыртылып отыратын шот бойынша операциялар бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша "Бұрын бюджеттен берілген несиелер бойынша негізгі борышты өтеу", "Несиелендіру" бөлімдері бойынша әрбір жылдың республикалық бюджетінде олардың міндетті көрсетілуіне жатады.

7. Жаңғыртылып отыратын шотты жабуды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен екінші деңгейдегі банк жүргізеді.

## **2. ЖАҢҒЫРТЫЛЫП ОТЫРАТЫН ШОТ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ**

8. Қосалқы заемдар бойынша негізгі борышты өтеу және оған қызмет көрсету бойынша төлемдер ІНК шарттарына және осы Ережеге сәйкес ҚҚМ жүргізеді.

9. Тиісті ІНК-нің шеңберінде ҚҚМ-ға берілген қосалқы заемдар бойынша негізгі борышты өтеу есебінен ҚҚМ-дан алынатын барлық төлемдер ІНК-да көзделген мерзімдерде жаңғыртылып отыратын шотқа есептеуге жатады.

10. Жаңғыртылып отыратын шотқа қосалқы заемдар бойынша негізгі борышты өтеу есебіне ғана төлемдер есептеледі.

11. Ағымдағы айда ҚҚМ-нің несиелендіру қаражатын беруге жаңартылып отыратын шоттың қаражатын жұмсау жөніндегі операцияны жүргізу мақсатында бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі - әкімші) осы Ережеге 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті бюджеттік бағдарлама жөніндегі

ретроактивтік қаржыландыруға арналған өтінімді қаржыландыру сұралатын айдың алдындағы айдың 10-ы күнінен кешіктірмей Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қарыз алу департаментіне (бұдан әрі - МҚД) беруге тиіс.

12. МҚД ретроактивтік қаржыландыруға арналған өтінімді ИНК-нің шарттарына және республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарының тізімдемелеріне сәйкестігін тексереді және қаржыландыру сұралатын айдың алдындағы айдың 15-і күніне келісілген белгісін соғып, оны Қазынашылық комитетіне жібереді.

13. Қазынашылық комитеті МҚД ұсынған ретроактивтік қаржыландыруға арналған өтінімнің негізінде әкімшіге белгіленген тәртіппен жұмсау құқығынсыз қазынашылық рұқсат береді.

14. Осылайша әкімшіге берілген қазынашылық рұқсат ретроактивті несиелендіру негізінде тиісті инвестициялық жобаны оның шеңберінде әкімші іске асыруды жүзеге асыруға құқығы бар тиісті есепті кезеңге бекітілген лимит болып табылады.

15. Жаңғыртылып отыратын шоттан қаражат алуды тиісті қазынашылық рұқсат шеңберінде Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қоса бере отырып, әкімшімен мақұлданған ҚҚМ өтінімінің негізінде Қаржы министрлігі жүргізеді. Несие қаражатын беруге арналған ҚҚМ-нің өтінімін әкімші тиісті инвестициялық жоба шеңберінде ҚҚМ-ды несиелендіруге арналған әкімшінің ресми мақұлдауы болып табылатын несие қаражатын беруге арналған ҚҚМ-дің өтінімін ілеспе хатпен Қаржы министрлігіне жібереді.

16. МҚД 10 күн ішінде несие қаражатын беруге арналған ҚҚМ-ның өтінімін ИНК-нің шарттарына және республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарының тізімдемелеріне сәйкестігін тексереді және осы Ереженің 15-тармағына сәйкес жаңғыртылып отыратын шоттан қаражат алуды оларды ҚҚМ-нің есебіне есептеу жолымен осы өтінімді қанағаттанарлықтай қараған кезде жүргізеді. Бұл ретте МҚД әрбір операция бойынша төлем құжаттарының көшірмелерін және жаңартылып отыратын шоттан банктік үзінді көшірмені жібереді.

ҚҚМ-нің шотына қаражат есептеу үшін осы өтінімді қанағаттанарлық деп тапқан кезде жүргізеді.

17. МҚД осы Ереженің 15-тармағына сәйкес әкімші жіберген несие қаражатын беруге арналған ҚҚМ-ның өтінімін мына жағдайда:

егер ұсынылған өтінім ИНК-нің немесе заем туралы келісімнің мақсаттары мен шарттарына қайшы келсе;

егер ұсынылған өтінім нысансыз сипатта болса;

тиісті қазынашылық рұқсатпен әкімшілікке бекітілген лимиттер жоқ немесе жетіспейтін болса;

әкімші Қазақстан Республикасының заңнамасында, ІНК-де немесе заем туралы келісімде көзделген тиісті ережелер мен ресімдерді бұзғанда; ұсынылған өтінімде сәйкессіздіктер мен қателер болғанда оларды ҚҚМ жойғанға дейін кейінге қалдыруға құқығы бар.

18. Банктік шоттың шартына сәйкес жаңғыртылып отыратын шотқа қызмет көрсететін екінші деңгейдегі банктің жаңғыртылып отыратын шот қаражатының қалдығына есептелген сыйақысы (мүддесі), сондай-ақ, банктік шот шартының ережелерін бұзған кезде осы банк төлейтін өсімақы Қазақстан Республикасы Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша республикалық бюджетке екінші деңгейдегі банкке есептеуге жатады. Бұл ретте мұндай төлемдерді республикалық бюджетке есептеу шарты мен тәртібі жаңғыртылып отыратын шотқа қызмет көрсетуге арналған Қаржы министрлігінің екінші деңгейдегі банкпен жасасқан банктік шот шартында көзделуі тиіс.

19. Қосалқы заемдар бойынша негізгі борышты өтеу жөніндегі төлемдерді қоспағанда, ІНК сәйкес ҚҚМ төлеген сыйақылар (мүдделер), сондай-ақ ІНК жөніндегі басқа төлемдер ІНК-де көзделген мерзімде Қазақстан Республикасының Бірыңғай Бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша ҚҚМ республикалық бюджетке аударуға жатады.

20. Есепті жылдың соңында қалып қалған жаңғыртылып отыратын шоттың қаражаты келесі жылға көшіріледі және тиісті бюджеттік бағдарлама шеңберінде тиісті инвестициялық жоба толық аяқталғанға дейін ретроактивті несиелендіру негізінде ҚҚМ қаржыландыру үшін Қаржы министрлігі пайдаланады.

21. Инвестициялық жоба аяқталғаннан кейін жаңғыртылып отыратын шоттағы қаражаттың қалдығы қорытынды айналымдарға белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша республикалық бюджетке есептеледі.

### **3. ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК**

22. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1998 жылғы 15 мамырдағы N 217 V980517\_ бұйрығымен бекітілген енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есептілігінің жылдық, тоқсандық көлемі және нысаны туралы нұсқаулықта белгіленген тәртіппен және мерзімде бухгалтерлік есепті Қазынашылық комитетіне ұсынады.

23. ҚҚМ тоқсан сайын есептіден кейінгі айдың 8-і күнінен кешіктірмей осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша айдың 1-і күнгі жағдай бойынша республикалық бюджетке мемлекеттік сыртқы заем қаражатын қайтару жөніндегі ақпаратты МҚД-ға ұсынады.

24. МҚД ай сайын осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес төлем құжаттарының негізінде жаңартылып отыратын шоттың үзінді көшірмесінің негізінде есепті

айдан кейінгі айдың 1-і күнгі жағдай бойынша жаңартылып отыратын шот қаражатының түсуі және жұмсалуды туралы есеп жасайды және ағымдағы айдың 6-сы күнінен кешіктірмей осы есепті әкімшінің келісуіне береді.

25. Әкімші есепті айдан кейінгі айдың 8-і күнінен кешіктірмей осы Ереженің 24-тармағына сәйкес МҚД ұсынған жаңартылып отыратын шот қаражатының түсуі және жұмсалуды туралы есепті келісілген белгі соғып, МҚД-не қайтарады.

26. МҚД жаңартылып отыратын шот қаражатының түсуі және жұмсалуды туралы келісілген есепті әкімшіден алып, есепіден кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей оны Қазынашылық комитетіне ұсынады.

27. Қазынашылық комитеті МҚД-нің жаңғыртылып отыратын шот қаражатының түсуі және жұмсалуды туралы есебінің деректерін республикалық бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы есепке енгізеді, 1 сәуірдегі, 1 шілдедегі, 1 қаңтардағы жағдай бойынша осы Ереженің 22-тармағына сәйкес әкімші беретін әкімшінің бухгалтерлік есебінің деректерімен салыстырады.

Ретроактивтік несиелендіру негізінде  
инвестициялық жобаның жаңғыртылып  
отыратын шоты бойынша операцияларды  
жүзеге асыру ережесіне  
1-қосымша

-----  
(ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті)

-----  
(екінші деңгейдегі банктің атауы)

Инвестициялық жобаның жаңғыртылып отыратын шотын  
ашуға (қолданыс мерзімін ұзартуға)

РҰҚСАТ

----- бюджетте ұсталатын

-----  
(бюджеттің атауы)

-----  
(мемлекеттік мекеменің атауы)

-----  
(кәсіпорынның, ұйымның атауы)

кайта несиелендіруге жататын

-----  
(түскен қаражат түрінің атауы)

қайтарымды қаражатты шоғырландыру үшін

---

\_\_\_\_\_ (валютаның атауы (теңге немесе шет.валют. түрі)  
жаңғыртылып отыратын шотын ашуға (инвестициялық жобаның жаңғыртылып отыратын шотының әрекет ету мерзімін ұзартуға) рұқсат етіледі. Көрсетілген қаражатты шоғырландыру және қайта несиелендіру

---

\_\_\_\_\_ (осы қаражатты алу мүмкіндігін шарттайтын Заем туралы келісімнің немесе басқа да құқықтық кесімдердің нөмірі және күні)

Рұқсат \_\_\_\_\_ дейін әрекет етеді.  
(мерзімі көрсетіледі)

ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің төрайымы \_\_\_\_\_ (қолы)

М.О. Түсімдерді есепке алу және бөлу  
басқармасының бастығы \_\_\_\_\_ (қолы)

### ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАНКТИҢ БЕЛГІЛЕРІ

Рұқсат 200\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ алынды

Шот ашылды N \_\_\_\_\_

Операциялық басқарманың бастығы \_\_\_\_\_  
(қолы)

Ретроактивтік несиелендіру негізінде  
инвестициялық жобаның жаңғыртылып  
отыратын шоты бойынша операцияларды  
жүзеге асыру ережесіне  
2-қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік қарыз алу департаменті

РЕТРОАКТИВТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА АРНАЛҒАН ӨТІНІМ

200\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ (айы)

Мекеменің атауы:

Жобаның нөмірі:

Бюджеттік бағдарламаның атауы:

200\_\_ жылға арналған республикалық бюджетте көзделген шығыстарды ретроактивтік қаржыландыру үшін соманы қазынашылық рұқсатқа мынадай ерекшеліктер бойынша енгізуді сұраймыз:

---

Бюджеттік сыныптаманың коды	Бір жылға арналған жоспар	Бұрын етілгені	Ағымдағы рұқсат	Жыл басында рұқсат	Ескерту рұқсат етілгені
1	2	3	4	5	6

Мекеменің басшысы

\_\_\_\_\_ (Тегі, аты-жөні, Қолы) М.О.

Қаржы бөлімшесінің басшысы

\_\_\_\_\_ (Тегі, аты-жөні, Қолы)

Ескерту: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қарыз алу департаментіне ағымдағы айдың 10 күнінен кешіктірілмей ұсынылады;



1-бағанда мекеменің кодын, бағдарламасын, кіші бағдарламасын және шығыстардың ерекшелігін көрсету қажет.

Ретроактивтік несиелендіру негізінде  
инвестициялық жобаның жаңғыртылып  
отыратын шоты бойынша операцияларды  
жүзеге асыру ережесіне  
3-қосымша

----- фирмалық бланкіде-----

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

Бағдарлама әкімшісінің атауы

Несие қаражатын беруге арналған өтінім

Жобаның атауы: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Осымен (ҚҚМ-нің атауы) қосалқы жоба бойынша (қосалқы жобаның атауы) несие беру үшін (күні) Ішкі Несие Келісіміне сәйкес қосалқы заем шотына (сомасы санмен және жазба түрінде) сомасында ақшалай қаражатты аударуды өтінеді.

Осы өтінімге қосымша:

- 1) Ақшалай қаражатты алуға арналған Қаржы вице-министрлігінің атына берілген сертификат - 1 дана
  - 2) ҚҚМ мен ҚР ҚМ арасындағы қосымша несие келісімі - 2 дана
  - 3) Қосалқы жобаның ақпарат парағы - 1 дана
  - 4) Растайтын құжаттардың көшірмелері \_
  - 5) Бағдарлама әкімшісінің мақұлдауы - 1 дана \_
- 3
- 6) Дүниежүзілік банктің мақұлдауы - 1 дана

Аталған соманы мына деректемелер бойынша аударуды өтінеміз

(Қаражатты АҚШ долларында аудару үшін банктің толық деректемелері)

күні

ҚҚМ басшысы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөні) қолы \_\_\_\_\_

М.О.

- 1-50.000 АҚШ долларынан асатын қосалқы жобаларға қоса беріледі;
- 2-50.000-нан 150.000 АҚШ долларына дейінгі қосалқы жобаларға қоса беріледі;
- 3-350.000 АҚШ долларынан асатын қосалқы жобаларға қоса беріледі.

Ретроактивтік несиелендіру негізінде  
инвестициялық жобаның жаңғыртылып  
отыратын шоты бойынша операцияларды  
жүзеге асыру ережесіне  
4-қосымша

Заемның N

Заемның атауы

Заемшы

Қаржыландыру көздері (ішкі заем немесе РБ-тен қоса қаржыландыру есебінен)

Несие келісімінің күні және N

ІНК бойынша несие сомасы

Негізгі борышты өтеу күнінің басталуы

%-дық ставка

2001 ж. \_\_\_\_\_ жағдай бойынша республикалық бюджеттік мемлекеттік  
сыртқы заем қаражатын қайтару жөніндегі ақпарат (тоқсандық)

---

Заем. Қосалқы заемды о.і.жаңғыртылып Қосалқы заем мерзімі басталғаннан

шының іс жүзінде отыратын шоттан іс жүзінде өтелгені (өсумен)  
атауы игеру сомасы алынатын қаражат  
есебінен

---

бар. о.і. бар. о.і. негізгі сыйақы. комиссиялар  
лығы есепті лығы есепті борыш лар бойынша  
кезең кезең бойынша бойынша  
үшін үшін

---

А 1 2 3 4 5 6 7

---

---

---

Жиыны

---

---

Басшы  
Орындаушы  
Тел.

Ескерту  
1 және 2-бағ. қатысты игеру жүргізілген заемдар бойынша 1, 2-бағ.  
толтырылатынын;  
қаражаты толық игерілген заемдар бойынша 1-бағ. толтырылатынын  
түсіндіреміз;  
3 және 4-бағандарда игерудің жалпы сомасында жаңғыртылып отыратын  
шоттың қаражаты есебінен игерілген сомалар көрсетіледі.

Таблицаның жалғасы  
(заем валютасындағы өлш. бірл.)

---

о.і. есепті кезеңде іс Есепті кезеңнің аяғындағы Борыш. Ескерту

жүзінде өтелгені                      борыштың қалдығы                      тың  
барлы.  
ғы

негізгі сыйақы. комиссия. негізгі сыйақы. Комиссия. бағ. \_\_\_\_\_  
борыш лар лар борыш лар лар (11+  
бойынша бойынша бойынша бойынша бойынша бойынша 12+1+  
3)

8    9    10    11    12    13    14    15

Ретроактивтік несиелендіру негізінде  
инвестициялық жобаның жаңғыртылып  
отыратын шоты бойынша операцияларды  
жүзеге асыру ережесіне  
5-қосымша

Жаңғыртылып отыратын қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есеп

2001 жылғы \_\_\_\_\_ айына

Функционалдық тон	XX	Заем N	XXXX
Мекеме	XXX	Донор	XXXX
Бағдарлама	XX	Қызмет көрсететін банк	XXXX
Кіші бағдарлама	XX	Шот N	XXXX

Есепті кезеңнің басындағы ақшалай қаражаттың қалдығы  
\_\_\_\_\_ мың теңгемен (заем валютасында) \_\_\_\_\_ мың теңгемен

---

Республикалық бюджетте көрсетілетін Республикалық бюджетте көрсетілетін  
ҚҚМ-дан алынатын өтеу сомасының түсуі несиелендіру

---

Қара. Шетел валюта. Теңгемен сомасы Қара. Шетел валюта. Теңгемен со. Ес.  
жат. сындағы сома (мың теңгемен) жат. сындағы сома масы (мың кер.  
тың (мың теңгемен) ты (мың тең. теңгемен) ту\*  
түсу есеп. гемен)  
күні тен

шыға.  
айына жыл айына жыл ру айына жыл айына жыл  
басынан басынан күні басынан басынан

---

БАР.  
ЛЫҒЫ

БАР.  
ЛЫҒЫ

---

Есепті кезеңнің басындағы ақшалай қаражаттың қалдығы  
\_\_\_\_\_ мың теңгемен (заем валютасында) \_\_\_\_\_ мың теңгемен

\* - бұл жерде қосалқы жобаның атауы және ҚҚМ-ның атауы көрсетіледі

Ақпаратты берген  
ҚР ҚМ құрылымдық бөлімшесінің  
атауы \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, қолы)

"Келісілді"

\_\_\_\_\_ (қолы)  
Мекеменің басшысы (бюджеттік  
бағдарламаның әкімшісі)

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)

М.О.

М а м а н д а р :  
О м а р б е к о в а А . Т .

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ